

**Г.Ж. Османова** 

«Тұран» университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
\*e-mail: Gulaina.78@mail.ru

## ЖАЗА МАҚСАТЫ РЕТІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қылмыстық құқық теориясында мемлекеттің мәжбүрлі күшімен жүзеге асырылатын әлеуметтік нормаларға қашанда ерекше көңіл бөлінген. Жазаның мақсатының мәселелерінің қолжетімділігі және нақты екендігіне қарамастан, қылмыстық заңнамада реттелуі мәселенің бүгінгі күнге дейін шешілмеген тұстарының бар екендігі, оны нақтылау мен қайта қарауды талап етіп отырғандығы туралы мақалада баяндалып отыр.

Қылмыстық жазаның мақсаты ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру қылмыстық заңнаманың маңызды принциптерінің бірі – әділдік принципінен туындайтындықтан, автор жазаның әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру түріне тоқталып, бірнеше пікірлер мен тәжірибелік мәліметтерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасы мен басқа да елдердің қылмыстық құқық теориясында жазаның мақсаттары маңызды орын алатындығын басты назарға алып, жазаның мақсатының бірі ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтірудің бас бостандығынан айыру жазасына қатысты қолданылуын жан-жақты талдай отырып қарастырған. Оларға туындаған назар қылмысқа қарсы күрестің құқықтық шаралары жүйесіндегі қылмыстық жазаның ерекше орнымен түсіндіріледі.

Жазаның маңызды аспектісі болып, қылмыстық жазаның мақсатын дұрыс түсіну мен тұжырымдау болып табылатындығын алға тартады. Жазаның мақсатын құру барысында қылмыстылықпен күрес процесін, қоғамның жағымсыз бөлшегі ретінде тек қылмыстылыққа әсер ету арқылы ғана емес, сондай-ақ осы қылмыстылықты туғызатын жағдайларды да қарастыру дұрыс болатындығын атап өтеді.

**Түйін сөздер:** қылмыстық құқық, қылмыс, жазаның мақсаты, бас бостандығынан айыру, әлеуметтік әділеттілік.

G.Zh. Osmanova

Turan University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: Gulaina.78@mail.ru

### Application of restoration of social justice in relation to the punishment of imprisonment as the purpose of punishment

In the theory of criminal law, special attention has always been paid to social norms enforced by the coercive power of the state. Despite the availability and accuracy of sentencing issues, the article talks about the regulation of criminal legislation, about the presence of still unresolved parties to the issue requiring its clarification and revision.

Since the restoration of social justice as the goal of criminal punishment proceeds from the principle of justice – one of the most important principles of criminal law, affecting the restoration of social justice of punishment, based on several opinions and practical data, taking into account that an important place in the theory of criminal law of the Republic of Kazakhstan and other countries occupy punishment and its goals, as one of the goals of punishment the author considered comprehensively analyzing the application of restoration of social justice in relation to punishment in the form of imprisonment. The attention that arose is explained by the special place of criminal punishment in the system of legal measures to combat crime.

An important aspect of punishment is the correct understanding and formulation of the purpose of criminal punishment. The author emphasizes that when creating the goal of punishment, it is advisable to consider the process of combating crime as a negative part of society, not only through the impact on crime, but also in the conditions that give rise to this crime.

**Key words:** criminal law, crime, punishment, purpose of punishment, imprisonment, social justice.

Г.Ж. Османова

Университет «Туран», Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: Gulaina.78@mail.ru

### **Применение восстановления социальной справедливости в отношении наказания лишения свободы как цели наказания**

В теории уголовного права всегда особое внимание уделялось социальным нормам, осуществляемым принудительной силой государства. Несмотря на доступность и точность вопросов назначения наказания, в статье говорится об урегулировании уголовного законодательства, о наличии до сих пор нерешенных сторон вопроса, требующих его уточнения и пересмотра.

Поскольку восстановление социальной справедливости как цели уголовного наказания исходит из принципа справедливости – одного из важнейших принципов уголовного законодательства, затрагивая восстановление социальной справедливости наказания, основываясь на нескольких мнениях и практических данных, принимая во внимание, что в теории уголовного права Республики Казахстан и других стран важное место занимают наказание и его цели, в качестве одной из целей наказания автор рассматривал, всесторонне анализируя, применение восстановления социальной справедливости в отношении наказания в виде лишения свободы. Возникшее внимание объясняется особым местом уголовного наказания в системе правовых мер борьбы с преступностью.

Важным аспектом наказания является правильное понимание и формулировка цели уголовного наказания. Автор подчеркивает, что при создании цели наказания целесообразно рассматривать процесс борьбы с преступностью как негативную часть общества не только посредством воздействия на преступность, но и в условиях, порождающих эту преступность.

**Ключевые слова:** уголовное право, преступление, наказание, цель наказания, лишение свободы, социальная справедливость.

#### **Кіріспе**

Адам, қоғам мен мемлекеттің тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, оларды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау үшін басқа мәжбүрлеу шараларымен қатар мемлекет қолданатын жазаның ролін асыра бағалау қиын. Шынында да, қылмыстық жаза мақсаттарына қол жеткізуге байланысты адам тұлғасының қорғалу дәрежесі, оның құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, қоғамдағы құқық тәртібінің тұрақтылығы және мемлекеттің құқық қолдану қызметінің тиімділігі туралы айтуға болады. Басқаша айтқанда, нақты елдің құқық жүйесінде бар қылмыстық жазалар бойынша жүргізіп отырған саясат қылмыстық құқық принциптерімен байланысты. Жалпы алғанда, қазіргі таңда бас бостандығынан айыру жазасының маңызды аспектілерінің қатарына ҚР Қылмыстық кодексінің 39-бабының 2-бөлігінде бекітілген жаза мақсаттары мен оны қолдану шарттары тиімділігін арттыру үшін қайта мән беру мен нақтылауды қажет етіп отыр. Осы бапқа сәйкес, жаза мақсаттары болып: әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауының алдын алу бекітілген. Сондай-ақ жаза тән азабын шектіруді

немесе адамның қадір қасиетін қорлауды мақсат етпейтіндігі жөнінде көрсетілген (Уголовный кодекс Республики Казахстан 2019: 37).

Мұндай жағдайда қылмыс істегендерге жазаның сөзсіз қолдануын ескерту, қылмыстан сақтандыру ретінде, ал мұндай сақтандыру қылмыстық құқықтың функциясы болып табылатын тәрбиелік мәнге ие.

Осы тұрғыда қылмыстық заң қылмыс жасаған азаматтарға қатысты олардың психологиялық сана-сезіміне әсер ету арқылы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге жағдайлар туғызады.

Қылмыстық жазаның алдына қоғамның өркениеттілігін, әлеуметтік міндеттерді шешуге ұмтылысын, мемлекеттің қылмыстың жағдайына және қоғамдық ізгілікке деген жалпы деңгейін көрсететін мақсат қойылып отыр. Қылмыс идеясы туындағаннан кейін, оған қатысты жаза туралы ой қылмыстық ықыласты сөндіру, алдын алу, жойып жіберу керек.

#### **Эксперимент**

Жаза мақсатының мәселелерінің қолжетімділігі және нақты екендігіне қарамастан, қылмыстық заңнамада реттелуі мәселенің бүгінгі күнге дейін шешілмеген тұстарының бар екендігі, оны нақтылау мен қайта қарауды талап етіп отыр.

Ресейлік ғалымдардың пікірінше, пенология теориясында қылмыстық жаза мақсатына жеткілікті көңіл бөлініп отыр. Ал, құқық бойынша қылмыстық жаза мақсатының айқындалуы туралы сұрақ пікірталас сұрақтардың бірі болып отыр (Малинин 2007: 125).

Кеңестік кезеңдегі ғалым Г.А. Злобиннің пікірінше заңгерлер жаза мақсатын, қарастырылып отырған шараға әсер етуге қатысты ғана анықтауға және қолдануға заң шығарушы ұмтылыс жасайтын (тек жазаға қатысты) жиі әлеуметтік нәтиженің түрі ретінде түсінген. Қылмыстық жазаның өзі мақсатын айқындай алмайтындығы түсінікті, өйткені мақсатты айқындаудың өзі саналы адамға ғана тән, сондықтан да бізбен қолданылып отырған «жаза мақсаттары» тіркесін қолдану дәстүрге құрмет көрсетуден аспайтындай.

Ал жазаның өзіне келер болсақ, оған тән мақсат емес, оның қасиеттері мен ерекшеліктерінің пайда болуы тұтастай қылмыстық құқықтың: қорғау, реттеу, тәрбиелік (жалпыға ортақ), сонымен қатар әлеуметтік-алдын алу, құндылықты-бағдарлау, бағалаушы, заңдық-реттеуші, әлеуметтік-бірігушілік, жүйелі-құқықтық, мемлекеттік билікті қолдау және нығайту қызметтерімен сәйкес келетін қызметі (функциясы) тән (Злобин 2020).

Сотталған адамды жазалау арқылы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру қоғамға, сондай-ақ жәбірленушіге қатысты жүзеге асырылады. Қоғамда әлеуметтік әділдіктің болуы белгілі бір шектерде қалпына келтіріледі: мемлекет айыппұл, мүлікті тәркілеу, бас бостандығынан айыру және жазаның басқа да түрлерін өтеу кезінде сотталғандар орындайтын мәжбүрлеу жұмыстары есебінен келтірілген залалды ішінара өтейді; азаматтар мемлекет қылмыскерді жазалауды қамтамасыз етуге қабілетті екеніне көз жеткізеді және оны ұтымды және әлеуметтік психологиялық пайымдауларға сүйене отырып, яғни гуманизм, өлшемділік, тиімділік бастауларын ескере отырып, заңға сәйкес жазалайтынын көреді. Жәбірленушіге қатысты әлеуметтік әділеттілік оның қылмыспен бұзылған заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау жолымен қалпына келтіріледі.

Жаза мақсатының өзі кек алуды көздемейді, егер де қылмыспен жәбір көрген адам, сотталушыны қамаққа отырғанын көргенде, қылмыс арқылы беделі түскен, жаман аты шыққан, намысына тиген жағдайлардан жан-дүниесі тазаруы, болашақта қайта қылмыс жасамауы мақсатын көздейді, яғни осындай қылмыспен

қауіп келтірген азаматтарды мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қоғамға қауіпті мүшені, басқа азаматтарға мысал ете отырып қоғамнан оқшаулайды. Сонда барып қана қылмыстан жәбір көрген азамат өзін қалыпқа келтіреді.

Ал кейбір жағдайларда, бас бостандығынан айырмай, бірінші рет қылмыс жасаған адамдарға қатысты материалдық жауапкершілікті де күшейту орынды деп ойлаймыз. Себебіне мына бір мысалды келтіргіміз келеді. Азамат жол апаты салдарынан денсаулығына үлкен зиян келді делік, мұнда сотталушыны мәжбүрлеп мекемеге орналастыру арқылы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру емес, керісінше материалдық көмек арқылы жәбір көрген азаматты ем-шараларына қаржылай көмектесе отырып, денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толтырылу жолдары арқылы жүзеге асу керек деп санаймыз.

Шындығында, осы салдардан денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толтыруды, жәбір көрген азаматқа денсаулығы қалыпқа келгенше көмек беру сынды жауапкершілікті жүктеу қажет деп ойлаймыз. Сонда ғана әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру туралы айтуға болар еді.

Басқаша айтқанда әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мемлекет пен қоғамды тұтастай және әрбір жеке адамды қылмыстылықтан қорғау болып табылады. Қоғамға қатынасы бар әрбір «мен», жасалған қылмыстың жауапсыз, жазасыз қалмайтындығына көз жеткізу қажет. Осылайша кінәліні жазалау қоғамда заңдылықтың үстемдігі мен әділеттілік орнағандығын куәландырады.

Осы мақсаттарды іске асыра отырып, бас бостандығынан айыру жазасы, келтірілген зиянды ықтимал шектерде өтеу мүмкіндігін – сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарын ол жасаған қылмыс салдарынан зардап шегушінің азаптануына оның бас бостандығынан айырылуы немесе шектелуі мөлшерлес болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Көріп отырғанымыздай, қылмыстық жазаның көп бөлігі заңдық және мағыналық түсініктерін бекіткен көптеген терең ағыны бар. Бірақ та, жаза түсінігі, оның мақсаттарымен байланысты бірқатар ережелер түзетулер мен қайта қарауды қажет етеді.

Қылмыстық заң қатаң болу қажет, ашынған қылмыскерлерге, бірнеше рет сотталғандарға, қасақана қылмыс жасаушыларға және олардың қоғамда болуы басқалар үшін үлкен қауіп тудырушыларға қатысты өте қатал болу керек. Сөзсіз, оларды қоғамнан оқшаулату керек.

Сонымен бірге қылмыстық заң, алғаш рет қылмыс жасаған адамдарға қатысты, әсіресе, абайсызда жасалған қылмыстар туралы сөз болғанда ізгілік таныта білу керек.

Сондықтан да жазаның маңызды аспектісі болып, қылмыстық жаза мақсатын дұрыс түсіну мен тұжырымдау болып табылады.

### Нәтиже және талқылау

У.С. Джекебаевтың пікірінше, қылмыстық жаза мақсатын дұрыс ұғына білудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Жалпығы мәлім, қоғамда ешнәрсе санасыз түрде, қалаған мақсатсыз жүзеге асырылмайды. Осы тұста қылмыстық жаза мақсаты туралы нақты көзқарастың маңызды екендігі түсінікті болады. Заңнама бойынша анықталатын мақсат, бір жағынан таңдау құралы, екінші жағынан таңдалған құралдың осы мақсаттың жүзеге асырылу тәсіліне әсер ететіндігі. Осы күрделі байланысты анықтау, заңнаманы жетілдіру мен оның тәжірибеде қолданылу үшін де қажет (Джекебаев 2001: 2).

Осылайша, жоғарғы тиімді жазаны қамтамасыз ету үшін, ең алдымен қарастырылған жазаның түсінігі мен мазмұнының қисынды жалғасы болып табылатын қылмыстық жаза мақсатының шынайы мазмұнын тұжырымдап анықтап алу қажет.

Жаза мақсатын, әділеттілік критерийін және оны жүзеге асыру тиімділігін анықтап алу үшін ең алдымен жаза мен оның мазмұны елімізде жүргізіліп жатқан саясаттың сипатымен айқындалатындығын назарға алуымыз керек.

Кез келген мемлекет өзінің қылмыстық саясатын жүзеге асыру барысында мемлекеттің алдында бір жағынан қылмыстық құқық бұзушылық деп танылатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді айқындап алып, оларды Қылмыстық Кодекске міндетті түрде енгізу мен жасалған іс-әрекеті бойынша жазадан құтылмайтындықты қамтамасыз ету қажеттілігі тұрса, екінші жағынан осы жазаны сотталушы үшін де, мемлекет үшін де тұтастай алғанда әлеуметтік салдарын мейлінше азайтып, неғұрлым әділетті және тиімді етіп жасау керек.

Мемлекет, қылмыстылықпен күрес стратегиясына сүйене отырып, тек қылмыстық жазаның мазмұнын ғана анықтап қоймайды, сонымен қатар оның мақсатын да айқындайды.

Қылмыстық саясатты жүзеге асыру барысында белгілі криминолог ғалым Г.А. Аванесовтің «қылмыстылық қоғам өмірі жағдайынан туын-

дайды, оның өзі де осы жағдайдың бір бөлігі» деген пікірін назарға алу керек (Аванесов 2010:18).

Жаза мақсатын құру барысында қылмыстылықпен күрес процесін, қоғамның жағымсыз бөлшегі ретінде тек қылмыстылыққа әсер ету арқылы ғана емес, сондай-ақ осы қылмыстылықты туғызатын қоғамның өзін де қарастыру дұрыс болады.

Мұндай стратегия белгілі бір саяси идеологиялар мен жалпы тұжырымдамалардан туындап, өзгермелі кезеңде, қолдануға жарамды, қылмысқа қарсы әрекет етуші әр түрлі субъектілердің түрлі шараларына қол жеткізу тәсілдері мен тек жақын уақыттағы ғана емес, болашақ мақсаттарын да айқындап алуды болжайды.

Мұнда, қылмыстылыққа әсер ететін кең көлемді объективті мемлекеттік саясат қажеттілігі, барлық деңгейдегі әлеуметтік ұйымдардың қылмысқа қарсы шараларының ғылыми негізделген жүйесін жоспарлау мен жүзеге асыруды қарастыру қажет.

Қылмыскердің жеке басын криминология ғылымы зерттейді және осы білім саласын зерделеудің құрамдас нысаналарының бірі болып табылады. Қылмыскердің жеке басы қылмыс субъектілерінің әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-рөлдік, әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің жүйесі ретінде зерттеледі. Қылмыскердің жеке басына қатысты ондағы биологиялық және әлеуметтік арақатынас қарастырылады.

Бір жағынан қарап отырсақ, бас бостандығынан айыру жазасы мен оны орындау қылмыстық атқару құқығының пәніне кіретін сынды. Өйткені қылмыстық құқықпен тағайындаған бас бостандығынан айыру жазасы кезінде сотталушы, азамат және қоғам мүшесі ретінде мәртебесін сақтап қалады. Ал, жекелеп айтсақ, ол өзінің ар-намысын, қадір-қасиетін сақтауға және басқа да барлық қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғануға құқығы бар екендігін басшылыққа алып, қылмыстық заңнамамен қарастырылады. Мұндай жағдайда сотталушыға ҚР Конституциясының жалпы ережелері ортақ екендігін көріп отырмыз.

Қылмыстық жазаның мақсаты – заңда белгілі сипаттама мен мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын бекіте отырып, заң шығарушы жетістіктерге жететін әлеуметтік маңызы бар оң нәтижелер.

Жазаның мақсатын орындауды қамтамасыз ету үшін сотталған адамның жеке басын терең зерделеу қажет, бұл жаза тағайындау кезінде үлкен көмекші болып табылады, өйткені әділ

үкім шығару үшін әрбір нақты адамның, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған сотталған адамның психобиологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері туралы деректердің елеулі маңызы бар.

Айта кету керек, жаза түрі ретінде бас бостандығынан айыру жазасын қарастырғанда жаза мақсатының барлығы толығымен не жекелеп қарастырылады. Мысалы, өлім жазасына қатысты, жаза мақсаты ретінде сотталғандарды түзеуді мүлдем қолдануға болмайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 39-бабының 2-бөлігінде көрсетілген жаза мақсаттарының (<http://adilet.zan.kz>) ішінен, бізбен осы тақырыпта бас бостандығынан айыру жазасына қатысты, жаза мақсатының бірі ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруді қарастырайық.

Бұл жаза (бас бостандығынан айыру) мақсатының мәнін түсіну үшін, ең алдымен «әлеуметтік» және «әділеттілік» ұғымдарының мазмұнына көңіл бөлсек. С.И. Ожеговтың орыс тілі сөздігінде «әлеуметтік» ұғымы екі 1) адамдардың өмірі мен олардың қоғамға қатынасына қатысты, қоғамдық; 2) қоғамның өндірістік қатынастарында өзгерістер тудыратын мағына береді (Ожегов 2008: 739).

«Әділеттілік» ұғымының мәні тағы екі 1) әділеттілік – әділеттілікке, шындыққа сәйкес қалтқысыз әрекет ету; шұғыл міндеттерді дұрыс орындауға бағытталған; шынайы, дұрыс; 2) басқа біреуге әділетті қарау (Яковлев 1962: 744).

Бұл сөздердің мағынасына сүйене отырып, жазаның осы мақсаты туралы пікір таластыра отырып, біздің ойымызша мемлекет қылмыстық құқық бұзушылық фактісіне мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып, кінәліні жазалау арқылы заңдылықты, әділеттілікті қамтамасыз етуге ұмтылады.

Революцияға дейінгі қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде бұл мақсат қанағаттану мақсаты деп аталды – қылмыспен жалпы ерік (заң, қоғам, мемлекет) қорланады, бірақ оған қоса объективті түрде жеке ерік-жігер (жәбірленушінің) қорланады.

Мұнда, басқаның еркіндігі де қанағаттану керек, яғни жаза қоғамға да, жәбірленушіге де әділеттіліктің үстемдік етуі жөнінде сезім және сананы орнықтыру керек. Егер қылмыс нәтижесінде нақты жеке адамның еркі қорлануы басым болса (мысалы, ар-намысты қорлау), онда жаза бұзылған жеке ерікті де қанағаттандыруы

тиіс; егер де қылмыс негізінде қоғамның еркіне нұқсан келтірсе, онда жаза соны қанағаттандыруға бағытталуы керек.

Біздің көзқарасымызша қылмыспен қоғам, заң, мемлекеттің жалпы еркі, ал жекелеп айтқанда одан басқа қылмыстан жеке адам қорланады, зардап шегеді. Осы тұрғыда қанағаттану мақсаты арқылы, яғни жаза қолдану арқылы қоғамға да зардап шеккен жеке адамға да қатысты әділеттіліктің орнағанын «сезіну» арқылы жүзеге асуы тиіс. Егер қылмыстық құқық бұзушылық жеке басын құрметтемеуге қатысты болса, онда жеке еркінің материалдық тұрғыда қанағаттандыру арқылы жаза болуы тиіс.

Әлеуметтік әділеттілік термині тым абстрактілі. Оны ұқсас әрекет және жаза өтемі ретінде қарапайым әділеттілік терминінен ажырата білу керек. Әділеттіліктің әлеуметтік сипаты қоғам, мемлекет, сотталушының және жәбірленушінің мүдделері сияқты жайттарға мән береді. Аталған мүдделер көп жағдайда әлеуметтік әділеттілікке қарама-қайшы болғандықтан, жаза тағайындаған кезде олардың барлығының арасында тепе-теңдік орнауы тиіс.

Алайда құқық қолдану тәжірибесінде, әсіресе бас бостандығынан айырылуға жазаланғандар барлық жағдайда түзеліп жақсы болып кетті деп айта алмаймыз, кейде барлығы криминалдық ортаға байланысты арты әлеуметтік салдарға әкеліп соғатын, көптеген күрделі мәселелерге тап болып, басқаша өзгеруі мүмкін.

Қылмыстық жазаның мақсаты ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, қылмыстық іс-әрекет жасалып қойғаннан кейін, яғни осы қылмыстық әрекет бойынша әлеуметтік теңдік бұзылған және оған қатысты барабар жаза тағайындау жолы арқылы қалпына келтіру талап еткен кезден бастап жүзеге аса бастайды.

Жаза мақсатының бірі ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру туралы сұрақ көп пікірталас тудырады. Әділеттілік бұл этикалық категорияға жататындықтан, адамдармен «жақсылық», «қайырымдылық» түсініктерімен тікелей байланысты. Сондықтан да әділеттілікке қатысты жазаның бағалануы субъективті болып табылады. Қылмыстан жәбір көрген адамдардың туыстары мен жақындары, оқиға туралы газет бетінен оқығандарға қарағанда едәуір қатаң жаза тағайындауды талап етеді. Осыдан барып пікір екіге жарылады.

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының және ТМД елдерінің қылмыстық заңнамасында жазаның негізгі мақсаты ретінде әлеуметтік

әділеттілікті қалпына келтірудің белгіленуі ғылыми қоғамдастықта пікірталас тудырғандығын айта кету керек.

Әділеттілік туындаған қажеттілікке сай үйлестіріліп отыру керек. Әділеттіліктің құқықтық мазмұны, әдетте адамның құқықтары мен міндеттерінің белгілі бір дәрежесін айқындайды.

Яғни құқықты бұзу, жазалануы тиіс, онда ол әділеттілікті бұзу болып табылады. Сонда ғана мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қолданылатын жаза арқылы жәбірленушінің құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге, жалпы алғанда әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге саяды.

Осылайша «қалпына келтіру» сипаты қылмыс жасау нәтижесімен тікелей байланысты. Бұл жерде өлімге душар еткен жағдайлар туралы айтылғанда, «қалпына келтіру» туралы айта алмаймыз. Өйткені, өмірді ешқандай жазамен қалпына келтіру мүмкін емес. Ең ауыр жазаның өзінде жазаның мақсаты қорлау емес, керісінше жазаның орындалуымен байланысты көзделген шаралар, басқа да мақсаттармен қатар әлеуметтік әділеттілік мақсатын да көздейді.

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру сияқты қылмыстық жазада осындай мақсаттың бар екендігі туралы өз уақытысында, алғашқылардың бірі болып А.М. Яковлев айтқан (Яковлев 1962: 109).

Бұл мәселеге карама-қайшы көзқарасты ғалым М.Д. Шаргородский: құқықтың қорғау саласы бойынша қылмыстық құқық үшін әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру функциясы тән емес деп есептеді (Шаргородский 1973: 31).

Көрсетілген жаза мақсаты сынды әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі түсінік те қайта қарауды қажет етіп отыр.

Атап айтқанда, 2014 жылы қабылданған «Жаза ұғымы мен оның мақсаттары» деп аталатын ҚР ҚК 39-бабының 2-бөлігі бұрынғы КСРО кезеңінде қалыптасқан.

Сонымен, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексінің «Жаза ұғымы мен оның мақсаттары» деп аталатын 39-бабының 2-бөлігінде (Уголовный кодекс РК 2019: 37) бұрынғы КСРО кезеңінде қалыптасқан бөлігі (Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің жаза мақсаттарының 20-бабы) көрсетілген сол кезеңдегі суық, идеологиялық соғыс кезіндегі постулаттар барлық капиталистік әлемге, социализмнің артықшылықтары туралы дәлелдеу оның ішінде қылмыстық заңнама саласындағы, мысалы, физикалық емес азаптау немесе адамның қадір-қасиетін қорлауда, әлеуметтік әділеттілікті

қалпына келтіру, декларативті ғана емес, сонымен қатар қазіргі жағдайда құқық қорғау органдарының жұмысын едәуір қиындатады.

Мысалы, бас бостандығынан айыру сияқты жазаның осындай түрін орындау, яғни сотталған адамды жіберген сәттен бастап оны түзеу мекемесінен босатқанға дейін қоғамнан оқшаулау туралы сөз болған кезде осы ережені орындау мүмкіндігі өте проблемалы болып табылады.

Өзіміздің дәлелдерімізді келтірейік. Егер мәселе адам өлтіру немесе зорлау туралы болса, әлеуметтік әділеттілікті қалай қалпына келтіруге болады (мәселе тек ішінара қалпына келтіру туралы болуы мүмкін).

Немесе мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылатын жаза тағайындау процесінде дене зардаптарын тигізбеуге (сол кісендерді қолдану, айдауылмен алып жүру, арнайы машинада жүру және т.б.) немесе адам қадір-қасиетін қорламауға (адамды камераға, сот процесінде торға орналастыру, теледидар арқылы көрсету, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және т.б.) қалай болады.

Қазақстандық ғалым Б.Қ. Шнарбаев жазаның өзі қылмыскерге әрдайым белгілі бір нәрседен айыру мен азап келтіретінін дұрыс айтқан. Олар физикалық, моральдық, материалдық және өзге де сипаттағы болуы мүмкін. Бас бостандығынан айыруға сотталған кезде сотталушы адам бірқатар жеке құқықтарымен және ең бастысы бас бостандығымен шектеледі. Сотталушыға айыппұл қолданған, мүлкі тәркіленген кезде оның материалдық жағдайы нашарлайды (Шнарбаев 2002: 9).

Бұл мәселедегі ресейлік ғалым В.Н. Орловтың ұстанымы орынды, ол қандай қылмыстық жаза болмасын, ол сотталушыны белгілі бір рұқсат етілген мінез-құлықты таңдаудан қашан да айырады немесе шектейді, оған субъективті құқықтардан басқа, сондай-ақ жеке тұлғаның заңды мүдделері болып табылатын құқықтық мүмкіндіктер кіреді (Орлов 2006: 53).

Бұл мәселеде заңгер ғалымдар ұстанымының біркелкі еместігі жазаны тағайындау кезінде қиын, ал кейде оларды қамтамасыз ету мүмкін еместігінен туындап отыр.

Толығырақ қарастырайық. Шынымен де, жаза тағайындау кезінде мемлекет жәбірленушінің қылмысқа дейінгі жағдайын заңда белгіленген әртүрлі құралдармен қалпына келтіруге әрекет жасайды. Мысалы, материалдық және моральдық зиянды өтеу, мүлікті тәркілеу, айыппұл және басқалар.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, жазаның қалпына келтіру функциясы жоқ, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру сынды айтылған мақсат, жазаның мазмұнына сәйкес келмейді (Цветинович 1996: 8). Бұзылған құқықтарды қалпына келтіру мүмкіндігі қылмыстық-құқықтық қатынастарды іске асыру кезінде емес, азаматтық-құқықтық қатынастар шеңберінде ғана бар. Қылмыстық жаза жасалған қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген физикалық және моральдық зиянды өтей алмайды. Ол тек әлеуметтік әділеттілік сезімін қанағаттандыра алады (бұл жағдайда, кек алу сезіміне ұқсас) (Гишинский 2002: 315).

Басқа ғалымдардың айтуынша, қылмыстық жазаның әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мүмкіндігі бар, себебі ол қалпына келтіру (Наумов 1996 а: 364) немесе өтемдік (Коробеева 1999: 42) қасиеттерге ие.

Яғни, қылмыстық жазаны қолдану нәтижесінде қылмыстық құқық бұзушылық бұзған құқықтарды қалпына келтіру немесе келтірілген зиянның орнын толтыру мүмкіндігі туралы сөз болуда.

Сонымен қатар, С.И. Кургановтың пікірінше, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру сияқты жазалау мақсатына қалай қол жеткізілетінін анықтау қиын, өйткені қазіргі уақытқа дейін олардың ғылыми әзірленбеуі себебінен ықпал ету шараларының әзірленген кешені мен оларды қолдану тиімділігінің көрсеткіштері жоқ (Курганов 2008: 14).

Бас бостандығынан айыру жаза шарасының мемлекеттік сипатына келер болсақ, мемлекеттің көзқарасы бойынша әрекет тек қылмыстық болып табылуы қажет, ал сотталушы мемлекеттік мәжбүрлеуді өтеуге міндеттеледі. Қылмыстық заңнаманы зерделей отырып, қылмыстық жаза тағайындауда мемлекет ерекше ролге ие деген қорытынды жасай аламыз. Қазіргі қолданыстағы қылмыстық кодекс бойынша бас бостандығынан айыру жазасына қатысты, тек соттың үкімі бойынша тағайындалатын қылмыс жасаған адам кінәлі деп танылған, қылмыстық заңнамамен сол адамның бас бостандығынан айыру көзделген, мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде танылады.

Ал, мемлекеттің міндеті бір жағынан, жасалған қылмыс үшін бас бостандығынан айыру жазасын қолдану қажеттігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан мемлекет үшін де, сотталушы үшін де әлеуметтік салдарды барынша азайтып, жазаның әділ болуын қамтамасыз ету.

Ресейлік ғалымдардың пікірінше, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру – қылмыстық қол сұғу арқылы бұзылған жеке және заңды тұлғалардың, қоғамның, мемлекет пен әлемдік қоғамдастықтың заңды құқықтары, міндеттері мен мүдделерін бұрынғы жағдайға келтіру (Наумова 2007 б: 222).

Біз осы ұстанымды ұстанамыз, жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіре алады, бірақ толық көлемде емес, тек жекелеген жағдайларда ғана.

Мысалы, егер мәселе адам өлтіру немесе зорлау туралы болса, әлеуметтік әділеттілікті қалай қалпына келтіруге болады немесе мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылатын жаза тағайындау процесінде дене зардаптарын келтірмеуге (кісендерді қолдану, айдауылмен алып жүру, арнайы машинада жүру және т.б.) не адамның қадір-қасиетін қорламауға (адамды камераға, сот процесінде торға орналастыру, теледидар арқылы көрсету, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және т.б.) қалай болады.

Сондықтан, жазаны тағайындау кезінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге немесе дене зардабын келтірмеуге қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасында 1959 жылғы Қазақ КСР ҚК-де қаланған және кезең-кезеңімен, алдымен 1997 жылғы ҚР ҚК-не, содан кейін одан 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне өткен көрінеу орындалмайтын ережелер, біздің ойымызша, қайта қарауды қажет етеді.

## Қорытынды

Қылмыстық жазаның мақсаты ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру қылмыстық заңнаманың маңызды принциптерінің бірі – әділдік принципінен туындайды.

Жауапкершілікке тартуда қылмыс жасаған адамға қолданылатын жаза және басқа да қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар, ең алдымен әділетті болуы шарт, яғни қылмыстық құқықтың әділеттілік принципінен туындайтын әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсаты жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатына, қылмыстың жасалу жағдайына, кінәлінің жеке басы критерийлеріне сәйкес келсе ғана әділетті деп танылады.

Жаза мақсатының аталған критерийлерге сәйкестігін біріншіден, жаза тағайындау барысында санкциясында және жаза тағайындау кезінде жасалған қылмыстың қоғамға келтіріл-

ген қауіптілік сипаты ескерілуі қажет, екіншіден, қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі көрініс табу қажет (адам өлтіру, бір немесе бірнеше адам өлтіру, яғни қылмыстың дәрежеленуіне қарай). Әділеттілік принципін басшылыққа ала отырып, бір қылмысы үшін екінші рет жауапқа тартуға болмайтындығы ескерілуі қажет.

Жаза және қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шаралар, егер олар қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне, оны жасау мән-жайларына және кінәлінің жеке басына сәйкес келсе, әділ деп есептеледі. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі және жазаның қаталдығы арасындағы мөлшерлілікті көздейді.

Жаза қылмыс жасау нәтижесінде жәбірленушінің бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге, яғни түптеп келгенде, әділеттілікті қалпына келтіруге қызмет етеді. Қалпына келтіру қылмыстық-құқықтық санкцияларының сипаты қылмыс жасау нәтижесінде бұзылған құқықтар мен бостандықтардың ерекшелігімен тығыз байланысты.

Айыппұлдың ақшалай түрі, мүлікті тәркілеу түріндегі мүліктік қылмыстық-құқықтық санкциялар, таза қалпына келтіру сипатында болады.

Әрине, қылмыспен келтірілген залалдың барлығы адекватты өтелуге (қалпына келтірілуге) жата бермейді.

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсаттың мәні жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы мен сол жасалған ауыр қылмысқа сәйкес келетін жаза тағайындауда және кінәлінің жазасы арқылы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, жәбірленушілер мен олардың жақындарының, мемлекеттік және өзге де органдармен қоғамның көзінше қорлауға және заңды бұлжытпай сақтауға және оған құрмет көрсетуге деген сенімділікті қалыптастыру үшін қажет.

Жаза мақсатының өзі кек алуды көздемейді, егер де қылмыспен жәбір көрген адам, сотталушыны қамаққа отырғанын көргенде, қылмыс арқылы беделі түскен, жаман аты шыққан, намысына тиген жағдайлардан жан-дүниесі тазаруы, болашақта қайта қылмыс жасамауы мақсатын көздейді, яғни осындай қылмыспен қауіп келтірген азаматтарды мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қоғамға қауіпті мүшені, басқа азаматтарға мысал ете отырып қоғамнан оқшаулайды. Сонда барып қана қылмыстан жәбір көрген азамат өзін қалыпқа келтіреді.

Ал кейбір жағдайларда, бас бостандығынан айырмай, бірінші рет қылмыс жасаған адамдарға қатысты материалдық жауапкершілікті де күшейту орынды деп ойлаймыз. Себебіне мына бір мысалды келтіргіміз келеді. Азамат жол апаты салдарынан денсаулығына үлкен зиян келді делік, мұнда сотталушыны мәжбүрлеп мекемеге орналастыру арқылы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру емес, керісінше материалдық көмек арқылы жәбір көрген азаматты ем-шараларына қаржылай көмектесе отырып, денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толтырылу жолдары арқылы жүзеге асу керек деп санаймыз.

Шындығында, осы салдардан денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толтыруды, жәбір көрген азаматқа денсаулығы қалыпқа келгенше көмек беру сынды жауапкершілікті жүктеу қажет деп ойлаймыз. Сонда ғана әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру туралы айтуға болар еді.

Басқаша айтқанда әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мемлекетпен қоғамды тұтастай және әр бір жеке адамды қылмыстылықтан қорғау болып табылады. Қоғамға қатынасы бар әр бір «мен», жасалған қылмыстың жауапсыз, жазасыз қалмайтындығына көз жеткізу қажет. Осылайша кінәліні жазалау қоғамда заңдылықтың үстемдігі мен әділеттілік орнағандығын куәландырады.

Қасақана адам өлтіруден жәбірленушінің өмірін немесе қылмыс нәтижесінде жоғалған денсаулығын ешқандай жазамен қалпына келтіруге болмайтыны анық (қасақана адам өлтіргені үшін қылмыстық-құқықтық санкцияларды қалпына келтіру функциясы өтеудің мүліктік аспектісін мүлдем жоққа шығармайтынын байқаймыз). Бірақ та бұл қылмыстарды жазалау кезінде әділеттілікті қалпына келтіру мақсатына қол жеткізуге болмайтындығын білдірмейді.

Бұл жағдайларда жазаның әлеуметтік әділеттілігіне кінәлі адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу жолымен қол жеткізіледі (мысалы, оны ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру және тиісті жазаның мазмұнымен айқындалатын қатаң жағдайларға мәжбүрлеп қою). Осылайша, бұрын айтылған жазаның кек алу мазмұны, осы жағдайларда да әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтірудің өзіндік қылмыстық-құқықтық тәсілі болып табылады.

Сонымен бірге, қылмыстық жазада қалыптасқан және оның кек алу мазмұнымен бай-



ланысты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, жазаның қылмыскерге қатысты кек алу мақсатын көздейтінін білдірмейді. Жаза, тіпті, ең қатал жаза сотталған адамға моральдық және дене зардаптарын келтіру үшін қолданылмайды. Жазаны орындаумен байланысты көрсетілген құқық шектеулер мен мәжбүрлеп айыру басқа да мақсаттарды, оның ішінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатын көздейді.

Оның үстіне, қолданыстағы ҚР ҚК-нің жеке-леген ережелері құқық қолдану практикасының нәтижелері бойынша қазіргі уақытта Бас прокуратура басшылығы, сот корпусының өкілдері және Қазақстан Республикасының басқа да құқық қорғау органдары тарапынан әділ сынға ұшырауда.

Бұл ереже қылмыстық жазаның шынайы мазмұнын көрсетіп қана қоймай, біздің мемлекетіміздің соңғы уақытта жүргізіп отырған саясатына сүйене отырып, бүкіл қоғам үшін барған сайын ашық және қолжетімді болып отырған құқық қорғау органдарының саласында да қарастырылуға.

Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің 43-бабында жаза ұғымы мен мақсаты, біздің ойымызша, өте дұрыс, бапта «жазаның тән азабын келтіруді немесе адам қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді» деген тұжырымды қамтылмайды (<http://logos-pravo.ru/ugolovnyy-kodeks-rf-uk-rf>).

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында бекітілген жаза мақсаттарын тұжырымдау жаңа ҚР ҚАК 4-бабының Қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары мен міндеттері 1 және 3-бөліктерінде де көрініс тапты «жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындаудың дене азабын келтіруді немесе адам қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді».

Бұл үшін, біздің ойымызша, 2014 жылғы ҚР ҚК *Жаза ұғымы мен мақсаттары* деп аталатын 39-бабының мазмұнын қайта түсінуге оралуымыз керек сияқты, мысалы, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, тән азабын келтірмеу немесе жаза тағайындау процесінде адам қадір-қасиетін қорлау сияқты декларативті және көрінеу орындалмайтын ережелерді алып тастау керек. Бұл тәсіл мемлекетіміздің қылмыстық саясатын толық іске асыруды қамтамасыз етеді және осы мәселедегі пікірталастарды барынша жоққа шығарады деп есептейміз, өйткені көбінесе қылмыстық жазаның шынайы мазмұнын көрсетеді.

Оның үстіне, сондай-ақ құқықта мақсат алдын ала бағаланған және таңдалған шындықтың қандай да бір мүмкіндіктерін іске асырудың болжамды және қалаулы нәтижесін анықтайды.

Атақты Чезаре Беккарианың сөзін келтірмесек болмайтын сияқты, ол жазаның мақсаты, өз кезегінде қылмыскердің отандастарына зиян келтіретін жаңа әрекеттерінің алдын алудан және басқаларды осындай әрекеттер жасауға жол бермеуінен басқасы емес екенін әділ атап өтті. Сондықтан жасалған қылмысқа барабар бола отырып, адамдардың жан дүниесіне неғұрлым күшті және ұзақ әсер қалдыратын және қылмыскерге айтарлықтай физикалық азап келтірмейтін жазаларды және оларды пайдаланудың осындай тәсілдерін қабылдау керек (Беккариа 1995: 106).

ҚР ҚК-нің негізгі миссиясы қылмыстық заңнаманың барлық негізгі міндеттерін шешуге, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, еліміздің «түрме» халқының санын азайтуға, қылмыстық заңнама мен құқық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыруға және ең бастысы Қазақстан Республикасының одан әрі дамуы мен гүлденуі үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталуы тиіс екенін есте ұстау қажет.

## Әдебиеттер

Аванесов Г.А. Преступность и социальные сословия. Криминологические рассуждения: монография. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2010. – С. 18.

Беккариа Ч. О преступлениях и наказаниях. – М.: «Стелс», 1995. – 106 с.

Гилинский Я.И. Криминология: курс лекций. – СПб., 2002. – 315 с.

Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан (сравнительный комментарий к книге Дж. Флетчера и А.В. Наумова «Основные концепции современного уголовного права»). – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – С. 2.

Злобин Г.А. О необходимости концептуального подхода к совершенствованию уголовного законодательства // Конститутция СССР и дальнейшее укрепление законности и правопорядка. Электронды ресурс: <https://izron.ru/articles/teoriya-i-praktika-sovremennoy-yuridicheskoy-nauki-sbornik-n> (Жүктелген күні 20.08.2020)

Курганов С.И. Наказание: уголовно-правовой, уголовно-исполнительный и криминологический аспекты. – М.: ТК Велби, изд-во Проспект, 2008. – С. 14.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. Электронды ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (Жүгінген күні 20.08.2020 ж.)

- Наумов А.В. Уголовное право. Общая часть: курс лекций. – М., 1996. – 364 с.
- Ожегов С.И. Словарь русского языка: Ок. 60 000 слов и фразеологических выражений/С.И.Ожегов; Под общ. Ред. проф. Л.Н. Скворцова. – 25-е изд., испр. и доп. – М.: ООО «Издательство Оникс»: ООО «Издательство «Мир и образование», 2008. – 739 с.
- Орлов В.Н. Уголовные наказания, не связанные с изоляцией осужденного от общества. // Уголовное право. № 6. – М.: АНО «Юридические программы», 2006. – 53 б.
- Яковлев А.М. Об изучении личности преступника //Советское государство и право. – 1962, №11. – 109 б.
- Российское уголовное право: курс лекций. Т. 2 / под ред. А.И. Коробеева. – Владивосток, 1999. – 42 б.
- Современное уголовное право. Общая и Особенная части: учебник / под ред. А.В. Наумова. – М.: Илекса, 2007. – 222 б.
- Уголовный кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2019. – 37 с.
- Уголовный кодекс Российской Федерации от 13.06.1996 N 63-ФЗ (в последней редакции, действующей с 11.08.2020 года).  
Электронный ресурс: <http://logos-pravo.ru/ugolovnyy-kodeks-rf-uk-rf>
- Шаргородский М.Д. Наказание его цели и эффективность. Л., 1973. С. 31.
- Шнарбаев Б.К. Наказание по уголовному законодательству Республики Казахстан: Учебное пособие. – Алматы: «Данекер», 2002. – 9 с.
- Цветинович А.Л. Новый уголовный кодекс РФ: достижения и просчеты // Преступность и закон. – М., 1996. – 8 б.
- Энциклопедия уголовного права. Т.8. Уголовная ответственность и наказание / Издание профессора Малинина. – СПб ГКА, СПб., 2007. – 125 б.

### References

- Avanesov G.A. (2010) Prestupnost' i social'nye sosloviya. Kriminologicheskie rassuzhdeniya: monografiya [Crime and social classes. Criminological reasoning: monograph] – M, UNITY-DANA, 2010. – 18 p.
- Beccaria Ch. (1995) O prestupleniyah i nakazaniyah. [On crimes and punishments]. – M., “Stealth”. – 106 p.
- Ugolovnoe pravo [Criminal law]. № 6. М., АНО “Legal Programs”, 2006. – 53 p.
- Dzhekebaev US . (2001) Osnovnye principy ugolovnogo prava Respubliki Kazahstan (sravnitel'nyj kommentarij k knige Dzh. Fletchera i A.V.Naumova «Osnovnye koncepcii sovremennoy ugolovnoy prava») [Basic principles of criminal law of the Republic of Kazakhstan (comparative commentary to the book by J. Fletcher and A.V. Naumov “Basic concepts of modern criminal law”)]. – Алматы: Zheti Zhargy. – 2 p
- Jenciklopedija ugolovnogo prava. T.8. Ugolovnaja otvetstvennost' i nakazanie. / Izdanie professora Malinina [Encyclopedia of Criminal Law. T.8. Criminal liability and punishment.-Edition of Professor Malinin].- SPb GKA, SPb. 2007. – 125 p.
- Gilinsky Ya.I. (2002) Kriminologija: kurs lekcij. [Criminology: a course of lectures]. SPb. – 315 p.
- Kurganov S.I. (2008) Nakazanie: ugolovno-pravovoj, ugolovno-ispolnitel'nyj i kriminologicheskij aspekty [Punishment: criminal law, criminal executive and criminological aspects]. – М.: TK Welby, publishing house Prospect, 2008. – 14 p.
- Modern criminal law. General and Special parts: textbook / ed. A.V. Naumova. – М., Илекса, 2007. -- 222 p.
- Naumov A.V. (1996) Ugolovnoe pravo. Obshhaja chast': kurs lekcij. [Criminal law. General part: a course of lectures]. – М. – 364 p.
- Ozhegov S.I. (2008) Slovar' russkogo jazyka: Ok. 60 000 slov i frazeologicheskij vyrazhenij [Dictionary of the Russian language: Ok. 60 000 words and phraseological expressions] / SI Ozhegov; Under total. Ed. Prof. L.N. Skvortsova. – 25th ed., Rev. and add. – М.: Onyx Publishing House: Mir and Education Publishing House, 2008. – 739 p.
- Qazaqstan Respublikasynyng Qylmystyq kodeksi [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan]. July 3, 2014 № 226-V RKZ. Electronic resource: <http://adilet.zan.kz> (Application date 20.08.2020)
- Russian criminal law: a course of lectures. T. 2 / ed. A.I. Korobeeva. Vladivostok, 1999. - 42 p.
- Shargorodsky M.D. (1973) Nakazanie ego celi i jeffektivnost' [Punishment of his purpose and effectiveness]. – Л., 1973. – P. 31.
- Shnarbaev B.K. Nakazanie po ugolovnomu zakonodatel'stvu Respubliki Kazahstan: Uchebnoe posobie [Punishment under the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan: Textbook]. – Алматы, “Daneker”, 2002. – 9 p.
- Orlov V.N. (2006) Ugolovnye nakazaniya, ne svjazannye s izoljaciej osuzhdennoy ot obshhestva. [Criminal penalties not related to the isolation of the convicted person from society.] // Ugolovnoe pravo. № 6. – М., АНО «Juridicheskie programmy», 2006. – 53 p.
- Tsvetinovich A.L. Novyj ugolovnyj kodeks RF: dostizheniya i proshchety [New Criminal Code of the Russian Federation: Achievements and Miscalculations] // Crime and Law. М., 1996. – 8 p.
- Ugolovnyj kodeks Respubliki Kazahstan: Prakticheskoe posobie. [The Criminal Code of the Republic of Kazakhstan: A Practical Guide]. – Алматы: “Norma-K” Publishing House, 2019. – 37 p.
- Ugolovnyj kodeks Rossijskoj Federacii ot 13.06.1996 N 63-FZ (v poslednej redakcii, dejstvujushhej s 11.08.2020 goda) [The Criminal Code of the Russian Federation of 13.06.1996 N 63-FZ (in the latest edition, effective from 11.08.2020)]. Electronic resource: <http://logos-pravo.ru/ugolovnyy-kodeks-rf-uk-rf>
- Yakovlev A.M. (1962) Ob izuchenii lichnosti prestupnika [On the study of the personality of the criminal] // Soviet state and law. V. 11. – 109 p.
- Zlobin G.A. O neobhodimosti konceptual'nogo podhoda k sovershenstvovaniyu ugolovnogo zakonodatel'stva // Konstitucija SSSR i dal'nejshee ukreplenie zakonnosti i pravoporjadka. [On the need for a conceptual approach to improving criminal legislation // Constitution of the USSR and further strengthening the rule of law and law and order]. Electrony resource: <https://izron.ru/articles/teoriya-i-praktika-sovremennoy-yuridicheskoy-nauki-sbornik-n> (Date of treatment 08/20/2020)